

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бобекжай бақша кешені

меңгерушісі

Мираманова М.А.



Ертеңгілік

Тақырыбы: «Аналар мәңгі жасасын»

«Аққу» ересек топ

Тәрбиеші: Сайрамбаева Л.Д.

2022-2023

1 Жүргізуші: Қымбатты аналар, қонақтар «Күншуақ» I кіші тобының

«Аяулы - анашым» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

2 жүргізуші: Бүгін наурыздың 8 – і

Сұлулықтың негізі

Әдемі сәз адамның

Анаға айтар лебізі

Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8 наурыз – аналар күнімен

құттықтаймыз! Әрқашан дендеріңіз сау, кәңілдеріңіз жайдарлы бола берсін!

Кішкентай бүлдіршіндеріміздің әнерлерін тамашалауға рұқсат етіңіздер!

1 жүргізуші: Балалар қараңдаршы айнала қандай әдемі , қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

2 жүргізуші: Дұрыс балалар, көктем мезгілінде күн жылынып, қар еріп,

жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлулана түседі.

1 жүргізуші:Көктем мезгілінің алғашқы мерекесі қалай Аналар күні!Қәне,

балалар бәріміз бірге аналарымызға арнап ән айтып берейік.

Ән: «Мерекеңмен анашым»

2 жүргізуші: Біздің балалар әнмен қатар тақпақты да айта

алады.Аналарымызға арнаған тақпаққа кезек берейік.

Жанымызды жайнатқан,

Сіздерсіз ғой аналар!

Зор ден саулық, мол бақыт

Тілейміз біз балалар.

Әлпештеген, аялаған,

Ақ сүт берген апатайым

Сәлем жолдап бүгін саған

Мерекеңмен құттықтаймын

Бал бәбегін баптаған,

Мамам үшін мақтанам.

Аялайтын біздерді

Көп жасасын ақ мамам!

1 жүргізуші: Жарайсыңдар! Тыңдаңдаршы балалар ана жақта «Мама, мама»

деген дауыс естіледі.

2 Жүргізуші: Бұл не дыбыс? Кім екен мамасын жоғалтқан?

Залға қоян кіреді.

Қоян: Мама, мама! Мамамның артынан секіріп келе жатыр едім. Адасып

қалдым. Енді қайдан табамын? /жылайды/

1 жүргізуші: Қоянжан неге жылайсың ,жылама.Біз саған мамаңды тауып

береміз. Балалар қоянжанның мамасын тапқанша сендер қоянның көңілін

көтеру үшін ән айтып берейік.

Ән: «Мамамыз»

2 жүргізуші: Қоянжанның көңіл күйі әлі жоқ.Ендеше көбелектеріміз би

билеп берсін.

Би: «Көбелектер»

Түлкі кіреді: Мен ешкімнен қорықпаймын. Мен бәрін де алдаймын.

Қоянның қасына келіп: Қоян, сен неге жылайсың?

Қоян: Мен мамамды жоғалтып алдым.

Түлкі: Мамаң қандай?

Қоян: Менің мамам бәрінен де сұлу, әдемі.

Түлкі: Әтірік айтпа, менің мамам бәрінен әдемі.Ең әдемі менің мамам.

(артына қарайды. Мамасы жоқ) Ой, менің мамам қайда? (Басын ұстайды).

Мен мамамды жоғалттым.(Екеуі жылайды.)

1 жүргізуші: екеуіндн жыламаңдар сендердің мамаларын әдемі

,сұлу.Мамаларыңды тапқанша біздің балалар көңілдерінді көтеріп ойын

ойнап алыдар.

Ойын: «Кім тез гүл тереді»

Ұлдар гүлдерді бір – бірлеп себетке салады,қыздар әқмыраға салып екі топ

болып жарысады.Қай топ кәп жинаса сол топ жеңімпаз атанады.

Аю келеді: Бұл не шу, ұйқымнан ояттыңдар ғой.

2 жүргізуші: аюжан ренжемеші мында қоян мен түлкі мамаларынан адасып қалыпты.олар жылай береді. Біздің балалар кәңілдерін кәтеру үшін би билеп берген болатын.

Аю: Ааааа.Ал, мамаларың қандай еді?

Екеуі: Сұп – сұлу, әп - әдемі!

Аю: Жоқ, жоқ,жоқ, менің мамам әдемі.

«Жоқ, менің мамам әдемі.», - деп үшеуі дауласады.

1 жүргізуші: Қәне дауласпаймыз. Бәріңнінде мамаларың әдемі , сұлу.Қараңдаршы сендердің жылағандарыңды кәріп біздің ұлдардың сендерге арнап би билеп,тақпақ айтып бермекші.

Би : «Кавбой»

Мамаларды сүйеміз

Сәзін ойға түйеміз.

Әжені де ардақтап

Әдеппен бас иеміз.

Әжетайым, әжетай

Сізді жақсы кәреміз.

Сізге әлең – тақпақты

Жатқа айтып береміз.

Шуағыңды сепкен

Күнімізсің әже.

Жұлдыздарың боп,

Айналамыз әже.

Осы кезде ару кәктем келеді.

Ару коктем:Саламатсыздар ма, балалар! Менімен бірге күн жылынып, айнала сұлуланып нұрланып тұр. Сендер неге шулап жатырсыңдар.

☑ Ой , менің ормандағы достарым мында екен ғой.

2 жүргізуші: Тоқтаңыз кәктем , біздің балалар 8 наурыз Аналар мерекесін
тойлап жатырмыз.Біздің балалардың сізге арнаған тақпағы да бар,
тамашалаңыз.

Кәктем деген қыстағы

Әніміз ғой айтатын.

Кәктем деген құстар ғой,

Туған жерге қайтатын.

Кәктем күні шуақты,

Кәктем күні қуатты.

Мал жағалап суатты

Сай –саламен су ақты.

1 жүргізуші : Барлығымыз бірге бойымызды сергітіп алайық.

Ән: «Бір оңға, бір солға»

Ару кәктем: Рахмет балалар ,кәңілімді кәтердіңдер.Мен сендерге әзімнің
сыйлығымды ала келдім.Енді мен достарымды Түлкіжан,Аюжан,Қоянжанды
мамаларына апарайынСау болыңдар , балалар!

2 жүргізуші: Кейде осындай айтқанды тыңдамай, мамасынан адасып кететін
балалар кездеседі. Бірақ, біздің арамызда ондай бала жоқ. Біздің балалар
мамаларының айтқанын тыңдайды,сыйлап, құрметтеп жүреді.

1 жүргізуші: Дұрыс айтасын, біздің балалар тәртіпті.! Міне бүгінгі
ертеңгілігіміз де аяқталып қалды. Аналарыңа, әжелеріңе өз қолымен жасаған
сыйлықтарыңды беретін сәтте келді. Балалар аналарына сыйлықтарын
ұсынады.Сау болыңыздар!